

«Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК ұжымының жалпы жиналыс Хаттамасы

**2023 жылғы «11» тамыз
Атырау қ.**

№ 3



**Төраға- Мухлисов Ж.К.
Хатшы- Дүйсенова А.**

**Қатысқан қызметкерлер саны-95
(Медицина және әкімшілік- шаруашылық қызметкерлері)**

Күн тәртібі:Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Баяндамашы заңгер, комплаенс қызметкері Мурсалимова Б.И.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы, сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Құқықтық оқу және түсіндіру барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық фактілерінің неден пайда болатындығын, оған жол бермеудің қарапайым әдістері жөнінде кеңінен мағлұмат берілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалғыз адам емес, қоғам мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің бірігуімен қарсы тұруға болатынын, әрбір жеке тұлға жауапкершілікті сезініп, өз қызметінде осы індетпен барынша күрес жүргізбей, жеңіске жету мүмкін емес екенін баса айтылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2020 жылдың 6 қазанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Заңға өзгерістер мен толықтырулар туралы түсіндірме жасалды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қарастырылған қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктерді туралы айтты. Аталған Заңда мемлекеттік қызметшілерге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған өзге де адамдарға, квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне сыйға тартушының пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса сыйлықтарды сыйға тартуға жол берілмейтіндігі қарастырылғаны атап көрсетілді.

**Хаттама жасақтаған,
хатшы:**

А.Дүйсенова